

Қостанай облысы Денисов ауданы Денисов ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2023 жылғы 8 қарашадағы № 65 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 18 маусымдағы № 122 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес Денисов аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес қоса беріліп отырған Қостанай облысы Денисов ауданы Денисов ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Қостанай облысы Денисов ауданы Денисов ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2022 жылғы 23 маусымдағы № 60 шешімі "Қостанай облысы Денисов ауданы Денисов ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешімі жойылсын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Денисов аудандық мәслихатының төрағасы

В. Шерер

Мәслихаттың

2023 жылғы 8 қарашадағы

№ 65 шешіміне

1-қосымша

Қостанай облысы Денисов ауданы Денисов ауылдық округінің жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Денисов ауданы Денисов ауылдық округінің жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізу қағидалары (бұдан әрі- Қағидалар) " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Жергілікті

қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 бұйрығына сәйкес әзірленді және Денисов ауылдық округінің ауылдары тұрғындарының жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізу тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны - ауыл, ауылдық округ, көше тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы;

2) жергілікті қоғамдастық - шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы.

2. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін Денисов ауылдық округтің аумағы учаскелерге (ауылдарға, көшелер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Денисов ауылдық округтің әкімі Денисов ауылдық округінің ауылдары, көшелері шегінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын шақырады және өткізуді ұйымдастырады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған кезде көппәтерлі үйдің бөлек жиындары жүргізілмейді.

6. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орын және талқыланатын мәселелер туралы жергілікті қоғамдастықтың халқын Денисов ауылдық округінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етеді.

7. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ашудың алдында тиісті ауылдың, көшенің қатысып отырған тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Кәмелетке толмағандардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдардың жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысуына жол берілмейді.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, көшеде тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Денисов ауылдық округтің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Денисов ауылдық округтің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

9. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Денисов ауылдық округінің ауыл, көше тұрғындары үшін өкілдерінің кандидатураларын Денисов аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының қатысушылары ұсынады.

10. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп дауысын жинаған кандидаттар сайланды деп есептеледі.

Егер жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында дауыс беру кезінде қатысушылардың дауыстары тең бөлінген жағдайда, бөлек жиынның төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

11. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасына төраға мен хатшы қол қояды және бөлек жиын өткізілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жиын хатшысы тіркеу үшін Денисов ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.

Жергілікті қоғамдастық жиынында немесе жергілікті қоғамдастық жиналысында хаттама жүргізіледі, онда:

1) жергілікті қоғамдастық жиынының немесе жергілікті қоғамдастық жиналысының өткізілген күні мен орны;

2) тиісті аумақта тұратын және жергілікті қоғамдастық жиынына немесе жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысуға құқығы бар жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жалпы саны;

3) қатысушылардың саны және олардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетілген тізім;

4) жергілікті қоғамдастық жиынының немесе жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы мен хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);

5) күн тәртібі, сөйленген сөздердің мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Мәслихатының
2023 жылғы 8 қарашадағы
№ 65 шешіміне
2-қосымша

Қостанай облысы Денисов ауданы Денисов ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауылдар мен көшелер тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

Ауылдар мен көшелер атауы	Өкілдерінің саны (адам)

Денисовка ауылы 50 лет Октября көшесінің тұрғындары үшін	3
Денисовка ауылы Амангельды, Строительная көшелерінің тұрғындары үшін	2
Денисовка ауылы Базарная, Комсомольская, Пушкина көшелерінің тұрғындары үшін	3
Денисовка ауылы Береговая көшесінің тұрғындары үшін	1
Денисовка ауылы Гагарина, Терешковой, Титова, Королева, Заречная көшелерінің тұрғындары үшін	1
Денисовка ауылы Нурпеисова көшелерінің тұрғындары үшін	1
Денисовка ауылы Горького, Ленина, Октябрьская көшелерінің тұрғындары үшін	1
Денисовка ауылы Дорожная, ДЭУ-239, Подстанция көшелерінің тұрғындары үшін	1
Денисовка ауылы Кавказская, Молодежная көшелерінің тұрғындары үшін	1
Денисовка ауылы Первомайская, Полевая көшелерінің тұрғындары үшін	1
Денисовка ауылы Калинина көшесінің тұрғындары үшін	2
Денисовка ауылы Красных Партизан көшесінің тұрғындары үшін	3
Денисовка ауылы Мельничная көшесінің тұрғындары үшін	1
Денисовка ауылы Нефтебаза, Степная көшелерінің тұрғындары үшін	1
Денисовка ауылы Новая көшесінің тұрғындары үшін	2
Денисовка ауылы Патриса Лумумбы көшесінің тұрғындары үшін	1
Денисовка ауылы Целинная, Рабочая көшелерінің тұрғындары үшін	1
Денисовка ауылы Советская көшесінің тұрғындары үшін	1
Денисовка ауылы Станция Денисовка көшесінің тұрғындары үшін	1
Денисовка ауылы Маслозаводская көшесінің тұрғындары үшін	1
Денисовка ауылы Фестивальная көшесінің тұрғындары үшін	1
Денисовка ауылы Чапаева көшесінің тұрғындары үшін	1
Денисовка ауылы Элеваторная, Сельхозтехника көшелерінің тұрғындары үшін	1
Некрасовка ауылының тұрғындары үшін	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК